

Жас маман туралы мәліметтер

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Әбдіғалиева Гулсезім Хибатуллақызы
Білімі	жоғарғы
Қандай оқу орнын қашан бітірді	Қ.Жубанов ат.АӨУ физика мұғалемдер даярлау, 2023 ж.; М.Әуезов ат.ОҚУ математика магистратура
Педагогикалық тәжірибе қорытындысы	1 ай – Ақтөбе қ. №3 ОМ
Лауазымы	Математика мұғалімі
Жас педагогтің жұмыс істейтін сыныптары	5, 6,7 сынып
Сынып жетекшілігі	жоқ
Біліктілік санаты	жоқ

Педагог-тәлімгер туралы мәліметтер

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Оспанова Зура Кусаиновна
Білімі	жоғары
Қандай оқу орнын қашан бітірді	Ш.Уалиханов ат. Кокшетау ПИ, 1993ж.
Оқу орнын бітірген жылы	1993 ж.
Дипломы бойынша мамандығы	Математика және информатика пән мұғалімі
Педагогикалық өтілі	32
Лауазымы	Информатика пән мұғалімі
Тәлімгер жұмыс істейтін сыныптары	5-11 сынып
Біліктілік санаты	Зерттеуші-мұғалім
Жұмыс жоспары	жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;
	-жас маманның оқыту- жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;
	-жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
	-үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.
Жұмыстың негізгі бағыттары	-жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттамамен жұмыс;
	-мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек;
	-жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
	-сабақты ұйымдастыруға көмек;
	-болжау жұмысарын жасауға және талдауға көмек;
	-өзара сабаққа қатысу.
Қорытынды	Жас маманның педагогикалық қызметін бағалау. Жүргізілген жұмыс туралы бірлескен есеп

**Тәлімгердің жас маманмен қызметін жоспарлау,
ұйымдастыру және мазмұны бойынша іс-шаралар**

№	Қызмет мазмұны	Жұмыс нысаны	Мерзімі
1	Жас маманмен сұхбаттасып «Мектептің жұмыс режимімен және ішкі тәртібімен таныстыру» ҰМЖ және ҚМЖ құрастырылуы бойынша әдістемелік көмек беру Мектеп кітапханасының кітап қорымен таныстыру	Әңгімелесу, кеңес	қыркүйек 1 апта
2	Жас маманға қысқа мерзімді жоспар жасауға көмек беру Мектепті құжаттарын толтыру бойынша көмек беру Балдық жүйенің шкаласымен таныстыру	Кеңес, түсіндіру	қыркүйек 2 апта
3	Жас маманға қысқа мерзімді жоспар жасауға көмек беру Қашықтықтан оқыту барысында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану жолдарын бірлесе талқылау Оқу тапсырмаларын дайындау тиімділігін үйрету	Кеңес, тәжірибиелік сабақтар	қыркүйек 3 апта
4	Жас маманнан сауалнама алу Жұмыс барысында кездескен қиындықтарын анықтау арқылы кәсіби шебірлігінің деңгейін саралау. Өзіндік даму тақырыбын анықтату	Сауалнама, талдау	Қыркүйек 4 апта
5	Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары және Bilimclass, bilimland.kz порталдарымен жұмыс жүргізу жолдарын талқылау Жас маман сабағына қатысып әдістемелік көмек беру	Журнал толтыру ережесімен, жүргізу жолдарын таныстыру	қазан 1 апта
6	Жас маманмен: «Оқушының дәптерімен, күнделігімен жеке іс қағаздарымен» оқыту барысында қалай жұмыс істеу қажет екенін талқылау. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту формасы мен түрлерінің сабақ барысында қолданылуын саралау.	Сабақтарға өзара қатысу, кеңес, түсіндіру	қазан 2 апта
7	Жас маманның сабақ жоспарын бірлесе дайындап, тиімді өтуіне, тәлімгер ретінде әдістемелік көмек беру БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын, қорытынды шығару жолдарын, бағалау шкаласын талқылау	Практикалық көмек, кеңес	қазан 3 апта
8	Жас маманға I тоқсандық қорытынды шығару бойынша, жиынтық бағалау қорытындысын жасау, есеп тапсыруға бағыт-бағдар беру Жиынтық бағалауды жинақтап, оқу жетістіктерін критериалды бағалау үлгісін толтыруын қадағалау	Кеңес, түсіндіру	қазан 4 апта
9	Оқу бағдарламасының орындалуын бақылау, жас маманның жоспарының сәйкестігін қадағалау Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту формасы мен түрлерінің сабақ барысында қолданылуын бақылау	Сабақтарға өзара қатысу, кеңес, түсіндіру	қараша 1 апта
10	Жас маманның сабағына қатысып әдістемелік көмек беру Сабақ жоспарын жасау, қысқа мерзімді жоспар жасауда сабақтың қай бөліміне басымдық беру қажет екенін түсіндіру	Сабақтарына қатысу	қараша 2 апта

26	БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын, қорытынды шығару жолдарын, бағалау шкаласын талқылау	Практикалық көмек, талқылау	наурыз 3 апта
27	Жас маманға ІІІ тоқсандық қорытынды шығару бойынша, жиынтық бағалау қорытындысын жасау, есеп тапсыруға бағыт-бағдар беру	Практикалық көмек	наурыз 4 апта
28	«Оқушылардың жеке іс қағаздарымен жұмыс жүргізу ережесімен» таныстыру	Кеңес	сәуір 1 апта
29	Сабақ жоспарын дайындау. Сабақты жүргізу барысында, өзін-өзі бағалай білуге баулу, қайталау сабақтарын маңызын түсіндіру	Әдістемелік көмек беру	сәуір 2 апта
30	Жанартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту формасы мен түрлерінің сабақ барысында қолданылуын қадағалау	Әдістемелік көмек беру	сәуір 2 апта
31	Тәлімгер ретінде мектеп әкімшілігіне есеп тапсыру Жас маманның жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру	Есеп дайындау	сәуір 2 апта
32	Жас маман бойында берілген тапсырманы дер кезінде орнындау жауапкершілігін қалыптастыру Мұғалім портфолиосындағы жетістіктер мониторингісін шығару	Есеп дайындау	мамыр 1 апта
33	Bilimclass, bilimland.kz порталдарымен жұмыс жүргізу жолдарын талқылап, жылдық қорытынды шығаруға дайындық жүргізу	Қорытынды шығаруға дайындық жүргізу	мамыр 1 апта
34	БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын алып, қорытынды шығару Оқушылардың оқу үлгерімін, білім сапасын анықтау	Практикалық көмек, кеңес	мамыр 1 апта
35	Оқу бағдарламасының орындалуын саралау Жиынтық бағалауды жинақтау, оқу жетістіктерін критериалды бағалау үлгісін толтыруын қадағалау	Журнал жүргізіп, жылдық қорытынды шығаруға көмек беру	мамыр 1 апта

**2025–2026 оқу жылының бойынша
тәлімгер Оспанова З.К.-нің жас маман Әбдіғалиева Г.Х.-мен
жүргізілген жұмысы туралы
ЕСЕП**

Мен, Оспанова Зура Кусаиновна, мектепте математика пәні мұғалімдеріне тәлімгерлік қызмет атқарып келе жатқан тәжірибелі педагог ретінде Әбдіғалиева Гүлсезім Хибатуллақызының педагогикалық қызметіне жан-жақты талдау жасап, кәсіби дамуын бақыладым.

Әбдіғалиева Гүлсезім Хибатуллақызы 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап мектебімізде математика пәні мұғалімі ретінде еңбек жолын бастады. Жас маман өз қызметінің алғашқы кезеңінен бастап оқыту үдерісіне жауапкершілікпен қарап, оқушыларға сапалы білім беру мақсатында заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға ұмтылыс танытты. Сабақ барысында топтық, жұптық және жеке жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырып, сараланған тапсырмалар арқылы әр оқушының жеке қабілеті мен білім деңгейін ескеруге тырысты. Сонымен қатар критериалды бағалау жүйесін тиімді қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін әділ әрі нақты бағалауға мән берді.

Оқу-тәрбие үдерісінде жас маманның пәнге деген жауапкершілігі, сабаққа дайындығы және оқушылармен қарым-қатынасы қалыптасу кезеңінде жақсы нәтижелер көрсетті. Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін арттыру, олардың қызығушылығын ояту және танымдық белсенділігін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілді.

Тәлімгерлік жұмыс барысы

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында тәлімгерлік жұмыс бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылды. Осы кезеңде мен, тәлімгер ретінде, информатика пәні бойынша 5, 6, 8 және 9-сыныптарда өткізілген сабақтарға тұрақты түрде қатысып, жас маманның сабақ беру әдістемесін, цифрлық технологияларды қолдану деңгейін және оқушылармен жұмыс жүргізу ерекшеліктерін бақыладым.

Сабақтар барысында оқытудың жаңа технологияларын қолдану, интерактивті әдістерді енгізу, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін ұйымдастыру сияқты бағыттарда оң динамика байқалды. Жас маманның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта қолдануға деген қызығушылығы мен дағдысы біртіндеп қалыптасып келеді.

Сонымен қатар мен Әбдіғалиева Гүлсезім Хибатуллақызының 5-сыныптағы математика, 7-сыныптағы алгебра және геометрия пәндері бойынша өткізген сабақтарына қатысып, сабақ құрылымын, мақсат қоюын, әдіс-тәсілдерді таңдауын және оқушылармен өзара әрекеттесуін талдадым. Сабақтарға талдау жасау барысында бірқатар әдістемелік ұсыныстар

беріліп, кері байланыс арқылы сабақ сапасын жетілдіру бағытында жұмыс жүргізілді.

Берілген ұсыныстарды жас маман назарға алып, келесі сабақтарында тиімді қолдануға тырысты. Бұл оның кәсіби өсуге деген ынтасын және жауапкершілік деңгейін көрсетеді.

Мектепшілік іс-шараларға қатысуы

Гүлсезім Хибатуллақызы 2025–2026 оқу жылы барысында мектеп деңгейінде ұйымдастырылған әдістемелік және тәрбиелік бағыттағы іс-шараларға тұрақты түрде белсенді қатысып отырды. Ол өз кәсіби дамуын жетілдірумен қатар, мектептің біртұтас әдістемелік кеңістігін дамытуға да үлес қосты.

2025 жылдың қараша айында өткен МИФ (математика, информатика, физика) бірлестігінің апталығы аясында жас маман пәндік іс-шараларға белсенді араласты. Апталық барысында ашық сабақ өткізіп, сабақта инновациялық әдіс-тәсілдерді, соның ішінде топтық жұмыс, проблемалық оқыту және визуалды материалдарды тиімді қолдана білді. Оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, оқу үдерісіне белсенді қатысуы байқалды. Әріптестер тарапынан сабаққа талдау жасалып, оң пікірлер мен әдістемелік ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар 2026 жылдың ақпан айында өткізілген «Жас мамандар апталығы» аясында жас мұғалім бірнеше бағыттағы іс-шараларға қатысты. Атап айтқанда, «Жас маман визиткасы» кезеңінде өзінің педагог ретіндегі жұмыс бағытын, қолданатын әдіс-тәсілдерін және кәсіби мақсаттарын таныстырып өтті. «Панорамалық сабақ» барысында сабақ құрылымын жүйелі түрде көрсетіп, оқу мақсаттарына жетуде тиімді әдістерді қолдана білді. Сондай-ақ «Жас маманның бір күні» форматындағы іс-шараға қатысып, күнделікті педагогикалық қызметтің ұйымдастырылуын көрсетті.

«Инновация жәрмеңкесі» аясында заманауи оқыту технологияларын пайдалану тәжірибесін ұсынуға қатысып, цифрлық ресурстарды сабақта қолдану мүмкіндіктерін көрсетті. Бұл оның кәсіби ізденісінің және жанашылдыққа ұмтылысының жоғары деңгейде екенін көрсетті.

2026 жылдың ақпан айында өткен «Магистрлар апталығы» барысында Гүлсезім Хибатуллақызы «Магистр портфолиосы», «Магистр батл», «Магистр куиз» сияқты мазмұнды іс-шараларға қатысып, пәндік білімін тереңдетуге және кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік алды. Бұл іс-шаралар оның теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына және кәсіби ой-өрісінің кеңеюіне ықпал етті.

Жалпы алғанда, мектепшілік іс-шараларға қатысу барысында жас маман өзін белсенді, жауапкершілігі жоғары, кәсіби дамуға ұмтылатын педагог ретінде көрсетті. Әрбір іс-шарада ол тек қатысушы ретінде ғана емес, сонымен қатар тәжірибе жинақтаушы және жанашыл идеяларды меңгеруші ретінде де көріне білді.

Оқушылармен жүргізілген жұмыс

Гүлсезім Хибатуллақызы оқу-тәрбие үдерісі барысында оқушылармен жүйелі және мақсатты жұмыс жүргізуге ерекше назар аударды. Сабақ үдерісінде әр оқушының жеке қабілеті мен білім деңгейін ескере отырып, сараланған тапсырмалар беру арқылы оқу материалын меңгеру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар ұйымдастырды. Сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында топтық, жұптық және жеке жұмыс түрлері тиімді қолданылды. Бұл әдістер оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына, өз ойын еркін жеткізуіне және пәнге деген қызығушылығының артуына ықпал етті. Әсіресе күрделі тақырыптарды меңгеру кезінде көрнекілік, алгоритмдік түсіндіру және практикалық тапсырмалар кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, үлгерімі төмен оқушылармен жеке түзету жұмыстары жүргізіліп, олардың біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған қосымша тапсырмалар берілді. Ал қабілеті жоғары оқушыларға күрделендірілген тапсырмалар ұсынылып, олардың пәндік білімін тереңдетуге жағдай жасалды. Бұл оқытудағы саралау принципінің тиімді жүзеге асырылуына мүмкіндік берді. Оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру мақсатында сабақтан тыс уақытта да қосымша қолдау жұмыстары ұйымдастырылды. Консультациялар өткізу, қиын тақырыптарды қайта түсіндіру және практикалық жаттығулар орындау арқылы оқушылардың білімін бекіту жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығы артып, олардың логикалық ойлау, талдау және есеп шығару дағдылары біртіндеп дамыды. Оқушылар сабақ барысында белсенділік танытып, өз пікірін еркін жеткізуге үйренді және оқу тапсырмаларын орындауда жауапкершілік деңгейі артты.

Сонымен қатар оқушылар мектепішілік пәндік іс-шараларға, олимпиадаларға және түрлі байқауларға қатысуға ынталандырылды. Бұл олардың білімге деген мотивациясын күшейтіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етті.

Кездескен қиындықтар және оларды шешу жолдары

Педагогикалық қызметтің алғашқы кезеңінде Гүлсезім Хибатуллақызы бірқатар кәсіби қиындықтарға тап болды. Атап айтқанда, оқушылардың білім деңгейінің әртүрлілігі сабақ материалын меңгертуде сараланған тәсілді талап етті. Кейбір оқушылар жаңа тақырыпты тез меңгерсе, кейбіреулері қосымша түсіндіру мен қайталауды қажет етті. Бұл жағдай сабақ барысында уақытты тиімді жоспарлауды және оқу материалын бірнеше деңгейде ұсынуды қажет етті.

Сонымен қатар сабақ уақытын тиімді басқару мәселесі де байқалды. Оқу мақсаттарын толық орындау, практикалық тапсырмаларды үлгерту және оқушылардың белсенділігін қамтамасыз ету барысында уақытты дұрыс бөлу маңызды міндеттердің бірі болды. Алғашқы кезеңде кейбір

сабақтарда жоспарланған тапсырмаларды толық орындау үшін қосымша уақыт қажеттілігі туындады.

Осы қиындықтарды шешу мақсатында жас маман тәлімгердің әдістемелік көмегіне сүйене отырып, сабақ құрылымын жетілдіруге көңіл бөлді. Сабақ жоспарын нақтылау, уақытты кезеңдерге бөлу және әр кезеңге нақты мақсат қою арқылы оқу үдерісін жүйелеу жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың білім деңгейіндегі айырмашылықты ескеру үшін сараланған тапсырмалар жүйелі түрде қолданылды. Қиындығы әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындау арқылы әр оқушының жеке мүмкіндігіне сай жұмыс істеу қамтамасыз етілді. Сонымен қатар қосымша түсіндіру, қайталау сабақтары және жеке консультациялар ұйымдастырылды.

Белсенді оқыту әдістерін қолдану (топтық жұмыс, жұптық жұмыс, проблемалық оқыту) арқылы оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі арттырылып, оқу материалын меңгеру деңгейі жақсарды. АКТ құралдарын қолдану да сабақтың тиімділігін арттыруға ықпал етті. Қорытынды

Қорытындылай келе, Әбдіғалиева Гүлсезім Хибатуллақызының педагогикалық қызметінің алғашқы кезеңі жалпы алғанда нәтижелі деп бағаланады. Ол кәсіби дамуға ұмтылатын, жауапкершілігі жоғары, заманауи педагогикалық әдістерді меңгеруге талпынысы бар жас маман ретінде қалыптасу үстінде.

Жас маманның білім сапасы бойынша көрсеткіші:

№	Сынып	I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан	
		Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
1	5 «Ә»	50%	100%	50%	100%	64%	100%		
2	6 «Ә»	50%	100%	58%	100%	64%	100%		
3	7 «Ә»	47%	100%	44%	100%	52%	100%		

Алдағы уақытта оның педагогикалық шеберлігі одан әрі жетіліп, оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды кеңінен қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыруға зор үлес қосатынына сенім білдіремін.

Тәлімгер: Оспанова З.К

Информатика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қолы: 

Күні: 13.04.26.